

ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АУЫЗША АЙТУ ДӘСТҮРІ.

Құсайынова М.А.

аға оқытушы

Қазақстан Республикасының Ұлттық энциклопедиясында Ә.Х.Марғұлан жайында мынадай мағлұматтар келтірілген: “Ә.Х.Марғұлан – ғалым, ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы, тарихшы, этнограф, шығыстанушы, әдебиеттанушы, өнертанушы (қолданбалы және сәулет өнері, металлургия саласы)” (1). Қазақ даласының рухани ой-дүниетанымының бастауы, сонау Анақарыс, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Йассауи сынды даналардың шығармашылығындағы сан-салалы өмір құндылықтарын жетік меңгеруі сынды игілікті дәстүр де кейінгі замандарда да өз жалғасын тауып, оны А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Қ.Сатпаев, Ә.Марғұлан сияқты көптеген тарландарымыздың өмір жолы мен ғылыми мұраларынан да көруге болады. Бір мақала көлемінде Ә.Марғұланның ғылымның әр саласына қатысты қалдырған шығармашылық мұрасын қарастыру мүмкін емес. Сондықтан Әлкей ағамыздың қазақ халқының ауызша мұрасын зерттеудегі орасан мол қызметіне қысқаша талдау жасап көрейік.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Назарбаевтың бастамасымен қазақ халқының ғасырлар қойнауынан бізге жеткен мәдени құндылықтарымызды қайта жаңғырту жолымен жүзеге асырылып жатқан арнаулы “Мәдени мұра” бағдарламасы бүгінгі уақыттың, заманның өзі туғызған, дер кезінде қолға алынған іс-шара екендігі күмәнсіз. “Мәдени мұра” арнаулы бағдарламасының басты мақсаттарының қатарында, халықтың орасан мол мәдени мұрасын, соның ішінде осы заманғы ұлттық мәдениетін, фольклорын, дәстүрлері мен салттарын зерделеудің біртұтас жүйесін жасау және ұлттық мәдениет пен жазудың санғасырлық тәжірибесін қорыту, кеңейтілген көркем, ғылыми, өмірбаяндық дестелер жасау болып табылады. (2) Осы тұрғыда халқымыздың арасынан шыққан дарынды азаматтарының бірі және бірегейі Әлкей Марғұланның ғылыми мұрасын жинақтау, жүйелеу, зерттеу және оған орынды ғылыми бағасын беру қазіргі жас ғалымдардың қасиетті борышы деп санаймыз.

Академик Ә.Х.Марғұланның аса көп көңіл бөлген мәселелерінің бірі – сонау ғасырлар қойнауынан бізге жеткен халқымыздың ауызша бай мұрасы, әсіресе батырлық және лиро-эпостық жырлар, тарихи жырлар, аңыз-әңгімелер, дастандар, т.б. 1945 жылы “Қазақ халқының эпикалық жыр дастандары” тақырыбында қорғаған докторлық диссертациясы қазақ әдебиеті мен тарихы саласындағы іргелі зерттеулердің нәтижесі болып саналады.

Ә.Марғұлан қазақ халқының эпикалық дәстүрінің шығу төркіні мен даму ерекшеліктері, оның жанрлық сипаты мен тарихылығы сынды мәселелер төңірегінде зерттеу жұмыстарын жүргізді. Батырлық жыр мен тарихи жырды қатар қарастырып, Ә.Марғұлан ғылымға елеулі үлес қосты. Оның 1946 жылы жазылған “Қазақ эпосының сипаты мен тарихи

шарттылығы жайлы” деп аталатын еңбегінің ғылымдағы алатын орны зор.(3) Ол қазақ эпосының тарихи тамыры жайлы мәселені қозғай отырып, оның тарихпен байланысы жайында себепші болған мәселелерге көңіл аударады. Ертеде күңгей далада, ел арасында туған эпоста бір кезде жұрт басынан өткізген тарихи оқиғалар жырланып, отбасылық салт, рулық қарым-қатынас көрсетілгенін автор дұрыс байқаған. Осы тұрғыдан алып қарағанда, қазақ эпосы нақты тарихи шындықты ақындық тілмен-өлеңмен айтып беретін әңгіме іспетті. Ел есінде қалған, ертедегі халықтың хал-ахуалын, көне тұрмысын ұрпақтан ұрпаққа, ауыздан ауызға ауыстырып келе жатқан шежіре тектес. Ә.Марғұлан сол жайларды дәлелдеуде Алтай-моңғол эпосы турасындағы Б.Я.Владимирцев пен С.А.Козиннің, ноғайлы-қазақ эпосы жөніндегі П.Фалев пен Н.Семеновтың, Орта Азиялық эпостың шыққан түбірі тарихи деп түсіндіретін В.М.Жирмунскийдің зерттеулеріне сүйенеді. Сондықтан да Ә.Марғұлан эпоста тарихи шындықтың елесі бар деп есептейді.

Ә.Марғұланның ғылым үшін ірі әр кезде де пайдасы мол осы еңбегінің қазақ эпосын кезең-кезеңге бөлудегі жүйелеу тәртібіне де көңіл аудармай өтуге болмайды. Бұл болжау деректер қашан болмасын өз құнын төмендетпек емес. Зерттеуші эпос тарихын бес кезеңге бөліп қарайды:

- 1) Архаикалық кезең – ол исламшылдыққа дейінгі түркі мифтері негізінде жасалған туындылар. Көне ұлыстардың сыртқы жауға қарсы күресін бейнелейтін тәңірі культі, ата-аруағы культі, көк бөрі культі, аққу, қыран құс культі. Мысалы, Күлтегін жоқтауы, Құламерген, Ер Төстік, Ақ Көбек, Оғыз қаған туралы аңыздар, т.б.
- 2) Оғыз-қыпшақ дәуірі (VI-XII ғғ.) – бұл кезең туындылары жергілікті түріктер, Қытай, Иран, Византия, араб шапқыншыларына қарсы күресті жырлаған. Мысалы, “Қорқыт ата кітабы”, “Алдар көсе”, “Қозы Көрпеш”, т.б.
- 3) Ноғайлы дәуірі (XIII-XVI ғғ.) – қазақ даласындағы моңғол шапқыншылығы, Алтын Орда, Ақ Орда, Ноғай Орда, Әбілқайыр мемлекеттері мен Қазақ хандығының құрылуы мен оның тарихын суреттейтін туындылар. Олар – “Бөген батыр”, “Едіге батыр”, “Қобыланды”, “Ер Сайын”, “Қамбат”, “Мұсахан”, “Орақ”, т.б.
- 4) Қалмақ шабуылы дәуірі (XVII-XVIII ғғ.) – қазақ тарихындағы “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” мен Абылай заманындағы батырлар туралы жырлар. Мысалы, “Елім-ай” әні, Абылай, Олжабай, Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек т.б. батырлар туралы жыр-дастандар.
- 5) Жаңа заман дәуірі (XIX-XX ғ.басы) – қазақ батырларының хан-сұлтандарға, патша отарлық әкімшілігіне қарсы бағытталған қазақ халқының күресін бейнелейтін жырлар. Ол Сырым, Кенесары, Исатай, Махамбет, Жанқожа, Есет, Досан т.б. ерлік істерін баяндайтын туындылар. Ә. Марғұлан осы

жырларды қазақ фольклорындағы тарихи жыр жанрының қалыптасуын осы отаршылдыққа қарсы ашық күреске шыққан қазақ батырларына арналған жырлармен байланыстырады.(4)

“Бұл жырлардың барлығы да тарихи жырлар қатарында қарастырылуы керек, өйткені оларда суреттелетін ерлік оқиғалар әлі де болса эпикалық сипат алған жоқ” – деп тұжырымдайды Ә.Марғұлан. Ғалым еңбегінің соңында, яғни XIX ғасырда туған жырларда тарих іздері айқын екенін көрсетіп, ендігі жерде тарихи өлең пайда бола бастайды деген болжам айтады. Ал қазақ эпосының тарихылы жайында Ә.Марғұлан: “...қазақ эпос кейде жылнамалық жазбалардан кем түспейді. Олар көп сәттерде жазу-сызуға машықтанбаған халық арасында жылнамалық жазбалардың орнында жүрген. Осы оқиғалардың эпоста суреттелуінің дұрыстығы соншама, оларды тіпті тарихи әдебиеттер де дәлелдеп отыр” – деп жазады. Бұл қазақ тарихы мен этнографиясын, фольклоры мен археологиясын жетік меңгерген білікті маманның пікірі.

Ә.Марғұлан тек қана батырлық эпостар ғана емес, сонымен қатар лиро-эпостық жырларға да аса назар аударады. Қазақ халқының ғасырлар бойы айтылып келе жатқан жыры “Қозы Көрпеш Баян Сұлу” жырының зерттелу тарихына, әсіресе орыс ғалымдары В.В.Радлов, А.С.Пушкин, И.П.Фальк, П.С.Паллас, П.П.Семенов-Тянь-шанский, Г.Н.Потанин т.б. еңбектеріне талдау жасалынған. Сонымен қатар, ғалым осы жырдың бірнеше варианттарына, олардың ішінде Сыбанбай, Жанақ, Бекбау, Шөже ақындарының нұсқаларына аса көңіл бөлінеді. “Қозы Көрпеш Баян Сұлу” жырының сюжеттік құрылымын зерттеуі де ғалым еңбегінің тереңдігінен мәлімет береді.

“Қазақтың ерлік жырларындағы әлеуметтік сарындар” атты мақаласында негізгі әлеуметтік сарындар ретінде – бейбітшілікті, ел қорғаны ерлерді ардақтау, ақылшы қарияларды қадірлеу, алып ер туар ананы құрметтеу, үлгілі ұрпақ тәрбиелеу, т.б. қарастырады. Фольклорлық деректердің маңыздылығы және оларды тарихи дерек ретінде қолдану жайында белгілі тарихшы Е.Б. Бекмахановтың айтуынша: “XIX ғасырдың екінші жартысына дейін қазақ халқының жазба әдебиеті болмады, сондықтан тарихи ірі оқиғалар ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп отырған халықтың ауызша шығармашылығы: дастан, өлең, қисса, батырлар жыры, ертегі, аңыз және т.б. арқылы қазақ халқының есінде сақталған. Бұл фольклорлық материалдарда қазақтардың қоғамдық және әлеуметтік құрылысы, тұрмысы мен әдет-ғұрпы, халық өміріндегі тарихи оқиғалар бейнеленген”. Фольклорлық материалдардың маңыздылығы мынада: халықтың өзі тарихты жасаушы және сипатталып отырған оқиғаларға тікелей қатысушы болғандықтан, оның тарихи оқиғалар мен қайраткерлерге дәл, кей жағдайда дұрыс баға беруінде. Қазақ фольклорының тарихшы үшін, әсіресе қоғамдық қатынастарды зерттейтіндер үшін шын мәнінде баға жетпес қазына екендігін, ғалым оны егжей-тегжейлі сипаттамай-ақ, бір ғана нәрсемен - ол фольклордың сан алуан оқиғалардың бірін қалдырмай баяндауынан, талайлардың атын атап, түсін

түстеп беруінен және мазмұны не қилы деректерге толы болуынан деп көрсетеді. (5)

Ә.Марғұлан – қорқыттанушы. Ол сғыз-қыпшақ тайпасынан шыққан данагөй абыз, жырау, күй атасы, қазақ бақсыларының жебеушісі, батагөй-сәуегейі Қорқыт мұрасын зерттеді. Оның жазуынша қазақ музыкасы мен философиясында “Қорқыт күйі”, “Қорқыт сарыны”, “Қорқыт толғауы”, “Тәңір биі” дейтін рухани ізгі дәстүрлер, мақамдар қалыптасып дамыған. Демек, Қорқыт – “керемет иесі”, “ұлыстың ұлы кеңесшісі”, “ тарихи оқиғаларды жырлаушы жырау”. Ғалымның халық арасындағы Қорқыт туралы қария сөздері, ортағасырлық ғалым ақындардың есіндегі Қорқыт бейнесі, Қорқыт аңызын дәстүр етіп сақтаушылар туралы ғылыми мақалалары жарық көрді. Ә.Марғұлан Қорқыт мұрасын, дәстүрін ұстанған халық мәдениетінің көрнекті өкілдерін былайша топтастырады:

- 1) Бақсы-жыраулар – Қойлыбай, Қарамырза, Нысан абыз, т.б.
- 2) Қобызбен күй орындаушылар - әл-Фараби, Кет-бұға, т.б.
- 3) Сәуегей жыраулар, шешендер – Сыпыра жырау, Асан қайғы, Шалғез, Қазтуған, Әнет баба, Бұқар жырау, Тәтіқара, Майлықожа, т.б.
- 4) Қорқыт дәстүрін жалғастырған, қобызбен жыр туындатқан ақындар – Балқы Базар, Ерімбет жырау, Кете Жүсіп, Абыл, Оңғар жырау, Шораяқтың Омары, т.б. (6)

Ғалым “Қазақ халқының көне замандағы ақындық өнерінің шеберлері” атты еңбегінде қазақ халқының эпикалық жыр дәстүрін дамытқан ақындарға, шебер орындаушыларға, сал-серілерге тоқталып, олардың сөз өнеріндегі орнын айқындады. Еңбектің ғылыми тұжырымдары танымдық тереңдігімен ерекшеленеді, онда көне ойшылдардан бастап Жанак, Шөже, Арыстанбай, Марабай, Сүйінбай, Жамбыл, Нұрпейіс, Иса секілді ақындар шығармалары талданады.

Ә.Марғұлан – манастанушы. Ол қырғыз халқының “Манас” эпосы туралы ғылыми-зерттеу ісінің дамуына да елеулі үлес қосты. Қырғыз эпосын алғаш дүниеге таныстырған Ш.Уәлиханов, Кеңес заманында бастапқы зерттеулерді жүргізген М.Әуезов болса, кейіннен осы дәстүр Ә.Марғұланның “Шоқан және Манас” атты ғылыми монографиясында жалғасын тапты. Ол эпостағы өмір шындығы, жырдың шығу тегі, дәуірі мен кейіпкерлері мен көркемдік кестесі және манасшылардың жырды жетілдірудегі қызметі, т.б. жөнінде ғылыми маңызы жоғары пікірлер айтты.

2004 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен Әлкей Марғұланның 100-жылдық мерейтойы дүниежүзілік деңгейде аталып өтті. Ұлтына қалтықсыз қызмет жасауды басты парыз санаған осынау Әлкей Марғұлан сынды азаматтың ыстық жүрегі аялаған армандары бүгінгі күні болашаққа жол тартты. Ә.Марғұланның ғылыми мұрасын зерттеу негізінде талай талантты ғалымдардың тәрбиеленетіні күмәнсіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. Алматы, 2004, 368 б.
2. “Мәдени мұра: қазақтың тарих айту, сақтау дәстүрі және оны жаңғырту жолдары”. Қошқарата конференциясының материалдары. Алматы, Қазақпарат, 2005, 64 б.
3. Марғұлан Ә.Х. Қазақ эпосының сипаты мен тарихи шарттылығы жайлы // ҚазКСР ҒА Хабаршысы, Алматы, 1946, №2.
4. Сыдықов Т. Қазақтың тарихи жырлары және бүгінгі ғылым. Мына кітапта: Қазақ фольклорының тарихылығы. Алматы, Ғылым, 1993, 150 б.
5. Бекмаханов Е.Б. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы, Санат, 1994, 42 б.
6. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр аңыздар: ғылыми-зерттеу мақалалар /Құрастырған Р.Бердыбаев. Алматы, Жазушы, 1985, 82 б.

Резюме

Данная статья посвящена проблеме изучения учеными-историками материалов устной исторической традиции при исследовании основных вопросов Отечественной истории. Огромную исследовательскую работу в этом направлении провел видный ученый А.Х.Маргулан. В статье рассмотрена роль ученого в изучении эпической традиции казахского народа, наследия Корыкта и эпоса кыргызского народа «Манас».

RESUME

This article is about the investigation of the Motherland's history in oral literary pieces of important historical periods. Historian Alkey Margulan has detailed researches on this. In this article his works on epic styles of Kazakh people, Korkutata, and Kyrgyz legend “Manas” are investigated.

ÖZET

Bu makalede Vatan tarihini inceleyen araştırmacıların önemli tarihi dönemlerde ortaya çıkmış sözlü edebiyat eserlerini incelemeleri hakkındadır. Tarihçi Alkey Margulan bu konuda derinlemesine araştırmalarda bulunmuştur. Kazak halkının epik türleri, Korkutata mirası ve Kırgızların Manas destanı irdelenmektedir.